

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы N 616 Қаулысы

Ауғанстан Ислам Республикасында қалыптасқан ауыр экономикалық және әлеуметтік ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 2380000 (екі миллион үш жүз сексен мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2 . О с ы қ а р а ж а т :

1650000 (бір миллион алты жүз елу мың) АҚШ доллары Ауғанстан Ислам Республикасындағы Құндүз - Талукан асфальтталған жолын жөндеуге;

160000 (бір жүз алпыс мың) АҚШ доллары Ауғанстан Ислам Республикасының Саманган провинциясында мектеп салуға (16 кабинеті бар бір мектепке бағдарланған б ю д ж е т - 1 6 0 0 0 0 А Қ Ш д о л л а р ы) ;

570000 (бес жүз жетпіс мың) АҚШ доллары Ауғанстан Ислам Республикасының Бамиан провинциясында аурухананы салуға бөлінеді деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты "Account name - Kazakhstan Assistance for Afghanistan", "Bank Name - Da Afghanistan Bank, Bank Add - Kabul Afghanistan, A/C N 27243-780102", "Swift code - AFGBAFKA" арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*